

Отандық ғылыми кеңесшісінің

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
«Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың
ғылыми негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)»
тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші
Омарова Балнұр Әділбекқызының
диссертациясына берілген

ПІКІРІ

Докторант Омарова Балнұр Әділбекқызының докторлық диссертациялық жұмысының «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» атты тақырыбы қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр және тақырып бұрын зерттелмегені туралы патенттік ізденіс және әдебиеттік шолу жүргізу арқылы негізделген.

Халықтың өсімін оңтайлы молайту және болашақта мемлекеттің денсаулығының іргетасын қалау, қоғамдағы балалардың денсаулығына әсер ететін аймақтық бағдарламалар шеңберінде жүзеге асыру ең қолайлы. Осыған байланысты ерекше маңызды рөлді, өңірлік деңгейде балалар денсаулығының жай-күйі туралы талдау және зерттеуге бағытталған ғылыми-зерттеу, балалар денсаулығын жақсарту бойынша іс-шаралар әзірлеу, ұйымдастыру, жетілдіру және медицина сапасын арттыру болып табылады. Сондықтан біздің облысымызда ұйымдастырылатын балалардың денсаулық жағдайын жақсартуға бағытталған әдістемелерді жасап, тәжірибеге ұсыну аса өзекті мәселе.

Бала денсаулығы денсаулық сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала денсаулығының деңгейі табиғи, әлеуметтік-экономикалық, медициналық және ұйымдастырушылық мәселелері, адамға әсер ететін әртүрлілікті суреттейді, сонымен қатар жанама түрде ата-аналардың денсаулығын көрсетеді. Балалар денсаулығы әділ арнайы гуманитарлық құндылықтарға, ұзақ мерзімді ресурстық экономика және қауіпсіздік ретінде қарастырылады. Заманауи қоғамда балалардың денсаулығы үшін, ең алдымен, мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі және ата-анасы жатыр.

Айта кететін жағдай Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысының аудандарында балалар денсаулығы біркелкі емес. Балалар аурушандығының, өлімінің және мүгедектігінің аса жоғары, орташа және төмен аймақтары кездеседі. Оның негізгі себебі, әрбір ауданда қалыптасқан өзіндік экологиялық-гигиеналық жағдайлар бар. Бұл аудандардың ерекшелігі ауыл шаруашылығы өндірісіне байланысты қолданылатын, денсаулыққа аса қауіпті пестицидтер мен уран өндірісіне байланысты ауыз судың жоғары дәрежеде радиациялық заттармен ластануы болып табылады.

Аталмыш диссертацияда облыс аумағы дұрыс экологиялық-гигиеналық аймақтарға жіктелініп, балалар денсаулығын қалыптастыру заңдылықтары толығынан анықталып, профилактикалық шараларды

ұйымдастыру жұмыстары нақты алынған ғылыми деректерге байланысты ұйымдастыруға ұсынылған.

Осы зерттеу жұмысы барысында құрастырылған профилактикалық бағдарламаның ғылыми тұрғыда негізделуі тәжірибеде медициналық, әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-теоретикалық тұрғыда тиімділігі жоғары.

Диссертант Омарова Балнұр 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте ресми түрде қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Жоғары медициналық білімнен
кейінгі білім беру институтының
«Профилактикалық медицина және
стоматологиялық пәндер»
кафедрасының
м.ғ.д., профессоры

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Жоғары медициналық білімнен
кейінгі білім беру институты

**РАСТАЙМЫН
ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ**

В. Сабитов



Булешов М.А.